

**Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Январцев ауылдық округі Кирсанов ауылының көшелерін қайта атау туралы**

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Январцев ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 31 қаңтардағы № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 ақпанда № 26744 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Кирсанов ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және Облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Январцев ауылдық округі Кирсанов ауылының көшелері:

- Лесхозная көшесін Орманшы көшесіне;
- Алматинская көшесін Желтоқсан көшесіне;
- Набережная көшесін Жайық көшесіне;
- Степная көшесін Көкжар көшесіне;
- Пионерская көшесін Дәстүр көшесіне;
- Центральная көшесін Арай көшесіне;
- Конторская көшесін Шамшырақ көшесіне;
- Школьная көшесін Шаңырақ көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Январцев ауылдық округінің әкімі*

*А. Жумағалиев*